

aspect, since it is of a general nature, since the value of education is determined by the attitude of a person to his own education, and the attitude of the state and society to education does not always coincide. Pointing to the reasons for this attitude, the author focuses on literacy, education, professional competence as qualitative indicators of the educational results of an individual. The article also provides an overview of research by scholars who have made a great contribution to the development of value education. The author analyzes the concept of advanced professional pedagogical education as a methodological system for training future teachers and the process of its implementation, aimed at developing certain professional qualities of an individual, focused on the future needs of education, including technology teachers.

*Keywords:* personality; personal value; advanced education; competence; aspects of meaningful interpretation.

*Поступила в редакцию:* 06.05.2021.

FTAMP 14.23.09

<https://doi.org/10.51889/2021-2.2077-6861.20>

Г.У.СЕРАЛИНА<sup>1</sup>, А.А.ШАЯХМЕТОВА<sup>1\*</sup>, З.Е.ЖУМАБАЕВА<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті (Көкшетау, Қазақстан)  
*guldenzhan@bk.ru, aisulu\_sh@mail.ru\*, zezh@mail.ru*

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ АРАЛАС ТОПТАРДА ОҚУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Аңдатпа*

Қазіргі таңда туу көрсеткішінің жоғары болуынан, балабақшаның жетіспеушілігі туындап отыр. Аталған проблеманы шешу үшін өңірде балабақшалар құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Соған қарамастан балабақшалар әлі де жеткіліксіз, осыдан балабақшаларда аралас топтардың пайда болуы туындайды. Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдардағы аралас топтарда оқу қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктері қарастырылады және де күн тәртібі ескерілген. Осындай топтарда ұйымдастырылған оқу қызметін өткізуде бірнеше мәселелер бар, осы мақалада сол қиындықтар айқындалды. О.Е.Смирнова, В.Н.Аванесова, Л.Л.Тимофееваның аралас топтар туралы айтылған ойлары жазылған. Және де аралас топтардағы педагогтарға қойылатын талаптар айтылды. Сурет ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша үлгі келтірілген. Қарастырылып отырған мәселе көп зерттелген жоқ, сондықтан оны мұқият зерттеуді қажет етеді.

*Түйін сөздер:* мектеп жасына дейінгі бала; аралас топ; ұйымдастырылған оқу қызметі.

**Кіріспе.** Ұзақ уақыт бойы көптеген Қазақстандық мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі балаларды жасына байланысты топтарға бөлу әдеттегі нәрсе болды. Қазақстан балабақшаларында балалардың кіші топтан мектепке даярлық тобына дейінгі жолы – бұл дәстүрлі әдіс.

Бірақ кез-келген ережеден ерекше жағдайлар болады. Бүгінгі таңда балабақшалардағы аралас топтар өзекті мәселе болып табылады. Қарастырылып отырған мәселе көп зерттелген жоқ, сондықтан оны мұқият зерттеуді қажет етеді. Мысалы, аудан балабақшаларында, жарты күндік

топтарда, арнайы, түзетуші, инклюзивті, логопедтік, санаторлық топтарда, ауылдағы шағын орталықтарында – аралас топтар әдеттегі жағдай.

Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандартының аясында балалардың білімі мен дағдыларының жеткілікті деңгейіне жету үшін негізгі әдіс-тәсілдер әдебиеттер топтың жас құрамы бірдей топтарға арналған, аралас жастағы топтарында жұмыс істейтін тәрбиешілерге мәлімет, әсіресе әдебиет табу өте қиын.

**Негізгі бөлім.** Педагогика ғылымы тарихының әртүрлі кезеңдерінде аралас

топтардан тұратын білім беру процесін ұйымдастыру идеясына бірнеше рет (педагогикалық жүйелер Белл-Ланкастер, Далтон План, Джена План, Виннетка жоспары, Монтессори педагогикасы және т.б.) жүгінді.

**Ғылыми әдебиет шолу.** Жеке тұлғаның дамуына аралас топтардың тәрбиелік ықпалы А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский, С.Т.Шацкийдің, сонымен қатар қазіргі заманғы ағартушылардың (Л.В.Байбородова, В.К.Дьяченко, Т.Е.Конникова, Л.И.Новикова, М.Л.Мкртчян, А.А.Остапенко және т.б.). Барлық зерттеушілер аралас топтардың белсенділігі жоғары нәтиже беретіндігін атап өтті, өйткені бұл балалардың ерекше қарым-қатынасына негізделген [1, С.30].

Әр түрлі жастағы балалар тобы – бұл ерекше «әлеуметтік организм» (Л.Л.Тимофеева). Бұл ұстанымды Г.М.Лямина, Е.Г.Пилюгина, Т.Г.Казакова, Г.Г.Григорьева және т.б. еңбектерінде растау табылды [2, С.13].

О.Е.Смирнова: «Балабақшаның аралас топтары – бұл физикалық және ақыл-ой қабілеттері бойынша әртүрлі балалар біріктіретін интегративті топтың типтік моделі» деп ескертті [3, С.205].

В.Н.Аванесованың еңбектерінде әр түрлі жастағы балаларды бірлесіп оқытудың көптеген жағымды жақтары бар екендігі баса айтылды. «Кішкентай балалардың үлкендермен үнемі қарым-қатынасы достық қарым-қатынасты, қамқорлық пен тәуелсіздікті қалыптастыруға жақсы жағдай жасайды. Ересектер үшін үлкендерге үлгі болу өте маңызды» деп атап көрсетті [4].

Л.Л.Тимофеева аралас топтардағы балалардың өзара әрекеттесуі үнемі жинақтау мен тәжірибені үлкеннен кіші мектеп жасына дейінгі балаларға ауыстырудың табиғи шарты болып табылады деп болжады [5, С.159].

**Зерттеу әдіснамасы.** Мектеп жасына дейінгі бала өмірінің алғашқы алты жылы денсаулықтың, ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық дамудың негізі қаланатын өте маңызды кезең. Әрбір адам ең алдымен қоғамның мүшесі.

Ұлтына, шыққан нәсіліне, жынысына қарамастан барлық адамзат өкілдеріне ортақ жалпы адамзаттық қасиеттер: қуану, қайғыру, балажандылық, ананы сүю, махаббат, жек көрушілік, ұнату т.б. сезімдері болады. Олар оның мінез бітімінде, сезім көрінісінде, қызба жандығында, қимылдарымен жүрістұрысында, сөйлеу ыңғайында, басқа адамдармен қарым-қатынасында т.б. тіршілік әрекетінде білінеді. Адам қоғамда қалыптасқан білім тәрбие жүйесінен тағылым алады. Осылардың барлығы бірігіп адамның жан дүниесінде өзіндік із қалдырады.

Аралас топтағы педагогтың жұмысы өзіндік ерекшеліктерге ие және белгілі бір талаптарды қояды. Мысалы, педагог:

- барлық жастағы топтардың бағдарламаларын білу қажет;
- бағдарлама талаптарын балалардың жас ерекшеліктеріне және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келтіре білу керек;
- назарды дұрыс бөлу, әр баланы және тұтас топты көру және түсіну қажет;
- балалардың мүмкіндіктеріне сәйкес дамуын қамтамасыз ету.

Аралас жастағы топтардағы жұмысты ұйымдастырудың маңызды ерекшелігі ол әр балаға жеке-дара көзқарас табу болып табылады [6].

Әр түрлі жастағы балалардың бірлескен іс-әрекеттерін ұйымдастыра отырып, тәрбиеші педагогикалық процеске байланысты көптеген тапсырмаларды шешеді, олар: үлкендердің кішіге қамқор болуға, сөзге араласпауға, алдын ала кіші балаларға сөз сөйлеуге мүмкіндік беруге, егер олар тапсырманы орындауда қиналса, еркін көмектесуге үйретеді.

Алайда, бұл қиындықтар әр түрлі жастағы балалардың бірлесіп білім алуының артықшылығы болып табылады: үлкендерге еліктеу арқылы балалар тез дамиды, ал үлкен балалар кіші балалардың арқасында жұмсақ әрі төзімді болуды үйренеді [7, С.63].

Аралас топтарда педагог балалармен өткізілетін ұйымдастырылған оқу қызметін форматын өзгертіп отыруы қажет: жеке-жеке, топшаларға бөлініп немесе бәрімен бір уақытта өткізу керек [8, С.74].

Мұндай сабақтарды жүргізу кезінде тәрбиеші барлық балаларды назарда ұстап, әрқайсысына назар аударуы керек, сонымен бірге әр баланың көңіл-күйін және оның осы оқу қызметіне деген қызығушылығын ескеріп, балалардың жас ерекшеліктеріне және жеке қабілеттеріне сәйкес дамуын қамтамасыз етеді [9]. Аралас топтарға арналған оқу-тәрбие міндеттерін жүзеге асыру бірінші тақырыптық бағдарламаның бір бөлімі бойынша барлық аралас топтарға арналған ортақ сабақтар, бірақ әрбір топтарға арналған бағдарламалардың мазмұны әртүрлі. Оларға дайындалу оңай: әрбір жасқа бағдарлама мазмұнын саралау, қажетті дидактикалық оқулықтарды іріктеу. Мысалы, сурет бойынша әңгіме құрастыру. Талаптары:

- кіші балаларға – таныс заттарды тану, атын атау, «Бұл кім?», «Бұл не?», «Қандай?», «Не істеу керек?» сұрақтарына жауап беру;

- ортаңғы жас балаларына – көрген суреттерді туралы әңгімелеу, заттарға тән белгілерін атау арқылы оларды сипаттау, сұрақтар бойынша суреттің мазмұнын жеткізу;

- ересек балаларға – тәрбиешінің көмегінсіз суретте бейнеленгенді ретімен әңгімелеу [10, С.11].

**Нәтижелер және пікір алмасу.** Балаларды бөлу балалардың құрамы мен санына байланысты. Ұйымдастырылған оқу қызметін жоспарлау кезінде оқытушы екі топшаға бөлінуді ескереді: кіші топ – екі жастан төртке дейін, үлкендер тобы – төрт жастан алтыға дейін. Егер мектеп жасына дейінгі барлық жастағы балалар мен балалардың әртүрлі жастағы топтары болса, оны үш бөлікке бөлген дұрыс, олардың әрқайсысында көрші жастағы балалармен бөлу қажет: ең кішісі – екі-үш жас, орташа төрт-бес жас, үлкені алты жас.

Бірақ бұл бөлу еркін түрде өтеді. Әр оқу қызметі үшін педагог оны өткізудің және кіші топтармен жұмыс жасаудың жоспарын ойлайды: егер зерттелетін тақырып оңай болса, онда орта топтың балалары үлкендермен, егер қиын болса, одан кіші

балалармен жұмыс жасай алады. Әр бала-баланың жеке ерекшеліктері ескеріледі: білімді жақсы меңгерген бала үлкен топқа бара алады; оқу қиынырақ балалар – кіші топқа барады [11, С.110].

Аралас топ жұмысының іс-тәжірибесін талдау кезінде педагогтердің мынадай қиындықтарға тап болатындығын көрсетті:

- кіші балалармен тұрақты қарым-қатынас, ересек балалардың қызығушылықтары мен дүниетанымын шектейді, олардың дамуында артта қалушылық байқалады;

- күн тәртібін ұйымдастырудағы қиындықтар туындайды;

- оқу қызметінде педагогтердің жастары бірдей топтармен салыстырғанда 2-3 есе көп уақытын жұмсауына тура келеді;

- ересектердің сабақ уақыты кіші топ балаларымен бөлінуі.

Нәтижесінде құрдастарының топтарындағы балалармен салыстырғанда ересек топ балалары мектепке қажетті түрде дайындықта болмауы мүмкін. Кейбір жағдайда үлкендері кішілерді ренжітуі мүмкін. Кейінірек бұл сәбилер өскенде кіші балаларға сондай қарым-қатынас көрсетуі мүмкін. Тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету үшін және әр түрлі жастағы балаларға арналған арнайы гигиеналық жағдайларды талап бойынша істеу үшін қосымша қызметкерлер қажет.

Аралас топтарда ересек балалар баяу дамуы мүмкін оны біз баланың сөздерді дұрыс айта алмауы және жалпы оның жасына сәйкес келмейтін әрекеттерді орындауынан көре аламыз [12, С.63].

Балабақшадағы баланың күн тәртібін ұйымдастыру, ең алдымен жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалынады. Егер топта екі түрлі жасты балалар болса, онда бұл топта екі күн тәртібі болады, ал егер үшеу болса, демек, олардың әрқайсысының белгілі бір ерекшеліктері ескерілуі керек [13, С.22].

Ұйымдастырылған оқу қызметін жоспарлау және ұйымдастыру кезінде өмірдің әр жылындағы балаларға арналған бағдарламада белгіленген аптадағы сабақтардың тізімін, құрамын сақтау қажет. Қандай іс-

әрекетті және кіммен бірге жүргізу керектігін дұрыс болжау бірдей маңызды. Жалпы ережелерді орындауға тырысу керек, біріншіден, ойлауды қажет ететін ұйымдас-тырылған оқу қызметтерін, ал одан кейін жеңілдірек немесе музыкалық ұйымдас-тырылған оқу қызметтері болуы керек.

Алдымен ересек балалармен ұйымдас-тырылған оқу қызметін өткізіп, ол уақытта кіші балалар ойнай алады. Кейбір жағдайларда, тәрбиешінің тікелей әсерінен гөрі, мектеп жасына дейінгі балалар арқылы жанама әсері тиімдірек болады [14, С.347].

А.А.Алимбаева, М.М.Садвакасова, Ұ.К.Қияқбаеваның айтуынша қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынасы маңызды психологиялық, педагогикалық мәселе тудырып отыр. Осы мәселені шешу үшін келесі міндетті орынды қарастыру қажет: балалар арасындағы ұжымдық қарым-қатынасты толық жүйе ретінде қарастыру.

Топтың әр мүшесінің басқаларға және

барлығының әр жеке адамға қарым-қатынасын білген жөн. Қарым-қатынас – еркіндік және шексіздік. Дәл осы қарым-қатынастан біздің «өзім» шексізге айналады. Өзімізден – басқаларға, басқалардан өзімізге, өзімізден – қайтадан өзімізге. Осындай таусылмайтын адамның қарым-қатынасынан кейін тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеу орын алады. Өзіңізді басқалармен салыстыру, орнына қою - бұл «меннің» сақталуы мен дамуы [15].

**Қорытынды.** Мұндай топта үш және кейде төрт әртүрлі жас балалары болуы мүмкін. Әрине, аралас топтармен жұмыс істеу зейінді, икемділікті және баланың дамуының барлық кезеңдері туралы терең білімді, яғни өте ауыр дайындықты қажет етеді. Аралас топтармен жұмыста оқуды дұрыс ұйымдастыру маңызды шарт болып табылады. Балалардың өмірі мен әртүрлі қызметін дұрыс ұйымдастыру, жайлы жағдай жасау әртүрлі жастағы балалардың жан-жақты дамуына септігін тигізеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

- [1] Волобуева Л.М., Авилова Е.А. История дошкольной педагогики /Учебно- методический материал. – М. – 2017. – 46 с.
- [2] Волкова Т.В. Как воспитать счастливого ребёнка. Особенности дошкольного образования Германии // Методический журнал для педагогов-психологов. – 2015. – №10 (535). – С.28-30.
- [3] Тимофеева Л.Л., Корнеева Е.Е., Грачева Н.И. Планирование образовательной деятельности с дошкольниками в режиме дня. Разновозрастная группа: Методическое пособие. – М.: Центр педагогического образования, 2013. – 320 с.
- [4] Методические рекомендации по организации образовательного процесса в разновозрастных группах – Астана, 2018. – 25 с. [Электрондық ресурс]: URL: <http://rc-dd.kz/wp-content/uploads/2018/05/%D0%9C%D0%B5%D1%82%D0%BE%D0%B4%E2%84%963%D0%A0%D0%A3%D0%A1.pdf> (өтінім берілген күні: 10.12.20).
- [5] Ежкова Н.С. Теоретические основы дошкольного образования: Учебное пособие для СПО – М.: Юрайт, 2016. – 183 с.
- [6] R.Smit, E.Engeli International Journal of Educational Research «An empirical model of mixed-age teaching» // Research manuscripts in the field of education.. – 2015. – Vol.74. – 136-145 с. [Электрондық ресурс]: URL: <https://doi.org/10.1016/j.ijer.2015.05.004> (өтінім берілген күні: 10.12.20).
- [7] Жихар О.П., Коцева З.В. Особенности планирования и организация работы с детьми в разновозрастных группах ДОУ /Пособие для педагогов ДОУ. – 2010. – 208 с.
- [8] Гербова В.В. Развитие речи в разновозрастной группе детского сада. Младшая разновозрастная группа // Пособие работникам дошкольных учреждений, в которых есть разновозрастные группы детей 2-4 лет. – М.,2010. – 128 с.
- [9] Давидчук Е.Г. Организация деятельности детей в разновозрастной группе. – СПб.: ФЕНИКС. – 2002.
- [10] Буре Р.С., Михайленко Н.Я. Воспитание детей в дошкольных учреждениях села (в условиях разновозрастной группы). – М., 1998. – 148 с.
- [11] Волкова Т.В., Червова А.С: Занятия в разновозрастной группе /Библиотека Воспитателя /Под ред.Д.В.Пронин. – 2018. – 128 с.



[12] Callahan A.G. Mixed-Age Preschool: Benefits and Challenges //The science of Mom. – 2013. [Электрондық ресурс]: URL: <https://scienceofmom.com/2013/04/02/mixed-age-preschool-benefits-and-challenges/> (өтінім берілген күні: 10.12.20).

[13] Jane A. Goldman, Christine Chaillé Journal of Applied Developmental Psychology «A comparison of same and cross-age interactions in mixed-age groups» //Research manuscripts in the field of education. –1984. – Vol. 5. – Issue 1. 22-23 p.

[14] Морозова Л.Д. Методика обучения и воспитания в области дошкольного образования. Учебник и практикум для СПО //Под.ред М.В Микляевой. – М.: Юрайт, 2016. – 434 с.

[15] Алимбекова А.А., Садвакасова М.М., Қиякбаева Ұ.К. Воспитание детей дошкольного возраста общению в коллективе //Вестник КазНПУ им.Абая. Серия: Педагогические науки. – 2019. – № 2(62), 2019 – С.397-401.

#### References

[1] Volobueva L.M., Avilova E.A. Istoriya doshkol'noj pedagogiki /Uchebno- metodicheskij material. – М. – 2017. – 46 s.

[2] Volkova T.V. Kak vospitat' schastlivogo rebyonka. Osobennosti doshkol'nogo obrazovaniya Germanii // Metodicheskij zhurnal dlya pedagogov-psihologov. – 2015. – № 10(535). – S.28-30.

[3] Timofeeva L.L., Korneicheva E.E., Gracheva N.I. Planirovanie obrazovatel'noj deyatel'nosti s doshkol'nikami v rezhime dnya. Raznovozrastnaya grupa: Metodicheskoe posobie. – М.: Centr pedagogicheskogo obrazovaniya, 2013. – 320 s.

[4] Metodicheskie rekomendacii po organizacii obrazovatel'nogo processa v raznovozrastnyh gruppah – Astana: 2018. – 25 s. [Elektronnyk resurs]: URL: <http://rc-dd.kz/wp-content/uploads/2018/05/%D0%9C%D0%B5%D1%82%D0%BE%D0%B4%E2%84%963%D0%A0%D0%A3%D0%A1.pdf> (otinim berilgen kuni: 10.12.20).

[5] Ezhkova N.S. Teoreticheskie osnovy doshkol'nogo obrazovaniya. Uchebnoe posobie dlya SPO – М.: Yurajt, 2016. – 183 s.

[6] R.Smit, E.Engeli International Journal of Educational Research «An empirical model of mixed-age teaching» //Research manuscripts in the field of education.. – 2015. – Vol.74. – 136-145 s. [Elektronnyk resurs]: URL: <https://doi.org/10.1016/j.ijer.2015.05.004> (otinim berilgen kuni: 10.12.20).

[7] Zhihar O.P, Koshcheva Z.V. Osobennosti planirovaniya i organizaciya raboty s det'mi v raznovozrastnyh gruppah DOU / Posobie dlya pedagogov DOU. – 2010. – 208 s.

[8] Gerbova V.V. Razvitie rechi v raznovozrastnoj gruppe detskogo sada. Mladshaya raznovozrastnaya grupa // Posobie rabotnikam doshkol'nyh uchrezhdenij, v kotoryh est' raznovozrastnye gruppy detej 2-4 let. – 2010. – 128 s.

[9] Davidchuk E.G. Organizaciya deyatel'nosti detej v raznovozrastnoj gruppe. – SPb.: FENIKS, 2002.

[10] Bure R.S., Mihajlenko N.Ya. Vospitanie detej v doshkol'nyh uchrezhdeniyah sela (v usloviyah raznovozrastnoj gruppy). – М., 1998. – 148 s.

[11] Volkova T.V, Chervova A.S: Zanyatiya v raznovozrastnoj gruppe /Biblioteka Vospitatelya / pod red.D.V.Pronin. – 2018. – 128 s

[12] Callahan A.G. Mixed-Age Preschool: Benefits and Challenges //The science of Mom. – 2013. [Elektronnyk resurs]: URL: <https://scienceofmom.com/2013/04/02/mixed-age-preschool-benefits-and-challenges/> (otinim berilgen kuni: 10.12.20).

[13] Jane A. Goldman, Christine Chaillé Journal of Applied Developmental Psychology «A comparison of same and cross-age interactions in mixed-age groups» // Research manuscripts in the field of education. – 1984. – Vol.5. – Issue 1. – 22-23 p.

[14] Морозова Л.Д. Методика обучения и воспитания в области дошкольного образования. Учебник и практикум для СПО //Под.ред М.В Микляевой. – М.: Юрайт, 2016. – 434 с.

[15] Alimbekova A.A., Sadvakasova M.M., Kuyakbaeva U.K. Vospitanie detej doshkol'nogo vozrasta obshcheniyu v kollektive //Vestnik KazNPU im.Abaya. Seriya: Pedagogicheskie nauki. – 2019. – № 2(62). – S.397-401.

**Особенности организованной учебной деятельности в разновозрастных группах дошкольных учреждений**

*Г.У.Сералина<sup>1</sup>, А.А.Шаяхметова<sup>1</sup>, З.Е.Жумабаева<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова  
(Кокшетау, Казахстан)*

*Аннотация*

Необходимость увеличения числа детских садов связано с высокой рождаемостью. Для решения данной проблемы интенсивно ведется строительство детских садов в регионах. Тем не менее, недостаточное количество детских садов приводит к открытию разновозрастных групп. В данной статье рассматриваются особенности организации учебной деятельности разновозрастных групп в дошкольных учреждениях с учетом соблюдения режима дня в соответствии возрастными особенностями детей. Существует ряд вопросов по проблеме исследования особенностей организованной учебной деятельности в разновозрастных группах в дошкольных учреждениях, автор статьи, опираясь на научные труды ученых О.Е.Смирновой, В.Н.Аванесовой, Л.Л.Тимофеевой и др. определяет их. Также были описаны требования к учителям в смешанных группах, показаны примеры организованной образовательной деятельности. Данный вопрос мало изучен, поэтому требует внимания.

*Ключевые слова:* дети дошкольного возраста; разновозрастные группы; организованная учебная деятельность.

**Features of organized educational activities in different age groups in preschool institutions**

*Seralina G.<sup>1</sup>, Shayakhmetova A.<sup>1</sup>, Zhumabayeva Z.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Sh.Ualikhano Kokshetau University  
(Kokshetau, Kazakhstan)*

*Abstract*

The need to increase the number of kindergartens is associated with a high birth rate. To solve this problem, the construction of kindergartens in the regions is being intensively carried out. However, the insufficient number of kindergartens leads to the opening of different age groups. This article discusses the features of the organization of educational activities of different age groups in preschool institutions, taking into account the observance of the day in accordance with the age characteristics of children. There are a number of questions on the problem of studying the features of organized educational activities in different age groups in preschool institutions, the author of the article, based on the scientific works of scientists O. E. Smirnova, V. N. Avanesova, L. L. Timofeeva, etc. defines them.

*Keywords:* preschool children; age groups; organized educational activities.

*Редакцияға 14.03.2021. қабылданды.*